



Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғыз Республикасы Үкіметі және Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы Өндірістік кооперация туралы келісім депозитарийін хабардар ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 22 қыркүйек N 1225

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 1997 жылғы 14 наурызда Бішкек қаласында жасалған Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғыз Республикасы Үкіметі және Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы Өндірістік кооперация туралы келісім депозитарийіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің көрсетілген Келісімнің қатысушысы болмау ниеті туралы хабарлама жіберсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғыз Республикасы
Үкіметі және Өзбекстан Республикасы Үкіметі
арасындағы Өндірістік кооперация туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғыз Республикасы Үкіметі және Өзбекстан Республикасы Үкіметі, экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың қатынастарды тұрақты және ұзақ мерзімді негізде дамытудың маңызды қажетті элементі болып табылатындығын түсіне отырып; олардың мемлекеттерінің өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеттерінің арасындағы қалыптасқан технологиялық байланыстарды ескере отырып; нарықтық қатынастар негізінде жалпы экономикалық кеңістік құруда Тараптар

мемлекеттерінің шаруашылық қызметтерінің тікелей өндірістік өзара іс-қимылдарының шешуші ролін мойындай отырып;

кәсіпорындардың және салалардың арасында өндірістік кооперацияны қолдау және өзара тиімді дамыту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып; елдер арасындағы экономикалық өзара іс-қимылдың қол жеткен деңгейіне сүйене отырып;

көпжақты сауда жүйесін нығайтуға мүмкіндік туғызуға және ДСҰ-ның тарифтер мен сауда туралы Бас келісімінің негізгі принциптеріне сәйкес сауда саласындағы қатынастарды дамытуда табандылық білдіре отырып; ұдайы экономикалық өсуді, олардың азаматтарының тұрмыс сапасын

жақсартуды, жұмыспен қамтуды кеңейтуді, материалдық және адами ресурстарды тиімді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсаттарын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар олардың тікелей өндірістік байланыстары негізінде меншіктің барлық нысандары кәсіпорындарының, салалық және салааралық кешендердің арасында кооперацияны жүзеге асыруға және дамытуға жәрдемдесетін болады.

2-бап

Тараптар өндірісті халықаралық мамандандыруды және кооперациялауды дамыту, олардың жүзеге асырылуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету өнеркәсіп салаларындағы басымдықтарды анықтау, бірлескен жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу мақсатында қажетті шаралар қабылдайтын болады.

3 - б а п

Т а р а п т а р :

кооперация бойынша тауарлар жеткізу деп шикізатты, материалдарды, бөлшектерді, қосалқы бөлшектерді, дайындамаларды, жартылай фабрикаттарды, технологиялық өзара байланысты және түпкілікті өнімді бірлесіп дайындау үшін қажетті салалық және салааралық мақсаттағы жинақтаушы және басқа бұйымдарды жеткізу ұғылатынын; қызметтер көрсету деп жобалау, жөндеу жұмыстары, техникалық қызмет

көрсету және технологиялық операциялар, ғылыми-зерттеу және технологиялық әзірлемелер ұғылатынын;

тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимдері шеңберінде жеткізу деп Тараптардың кедендік заңнамалары белгілеген шарттарға сәйкес тауарлар жеткізу ұғылатынын келісті.

V011444_

4-бап

Тараптар өндірістік кооперацияның және тікелей байланыстардың негізгі нысаны тиісті салалық және салааралық келісімдердің негізінде шаруашылық қызметтің субъектілері жасасатын шарттар (келісім-шарттар) болып табылады деп есептейді.

5-бап

Тараптар өндірістік кооперация туралы салалық және салааралық келісімдер жасасуға жәрдемдесетін болады.

6-бап

Өндірістік кооперация туралы салалық және салааралық келісімдерде кооперациялауға қатысатын және өнім өндіруге (жұмыс, қызмет көрсетуге) мамандануды сақтайтын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі, сондай-ақ номенклатура және өнімнің кооперацияланған жеткізілімдерінің (жұмыс, қызмет көрсету) көлемдері айқындалатын болады.

7 - б а п

Осы Келісімнің 4-бабында көзделген шарттар (келісім-шарттар) кедендік ресімдеу және тараптардың кедендік шекаралары арқылы өнім өткізу үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

Өндірістік кооперация шеңберінде жеткізілетін өнімді (жұмысты, қызметті)

мағлұмдауды және есепке алуды олардың заңнамаларына сәйкес Тараптар елдерінің кедендік органдары жүзеге асырады.

8 - б а п

Тараптар салалық және салааралық келісімдердің тізбелеріне сәйкес тауарлар жөнінде Тараптардың келісімі бойынша экспорттық және импорттық кеден баждарын қолданбауға міндеттенеді.

Кооперацияланған жеткізілімдерге (тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге) қосылған құн салығын және акциздер салу Тараптардың тиісті Келісімдерімен белгіленеді.

Көрсетілген өнімдерді (жұмыстар, қызметтер көрсету) кедендік ресімдеу үшін алымдар Тараптардың қолданылып жүрген заңнамаларына сәйкес жалпы талаптар негізінде өндіріліп алынады.

9 - б а п

Кооперация бойынша өңделме шикізаттан өндірілген өнімді жеткізу Тараптар елдерінде қолданылып жүрген өңделме шикізатпен жүргізілетін операциялар туралы заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

1 0 - б а п

Өндірістік кооперация шеңберінде жеткізілетін шикізат, материалдар және жинақтаушы бұйымдар оның аумағынан өндірістік кооперация шеңберінде шикізат, материалдар және жинақтаушы бұйымдар жеткізілген Тараптардың уәкілетті органының тиісті алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші елдерге қайта экспорттауға жатпайды.

1 1 - б а п

Тараптар өндірістік саладағы интеграциялық процестерді дамыту мақсатында шаруашылық қызметтің объектілері жөніндегі олардың елдерінің ұлттық заңнамаларының нормаларын кәсіпорындар мен салалардың кооперациялық байланыстарын реттеу бөлігінде үйлестіру және жақындастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге келісті.

1 2 - б а п

Тараптар қажетті жағдайларда ғылымды қажетсінетін өндірістік және экспортқа

бағдарланған салаларда кооперацияның дамуын, сондай-ақ импортты алмастырушы өнім шығаруды ынталандыратын несиелер мен инвестициялар берудің шарттарын келісетін болады.

13 - б а п

Тараптар оларды шешуді мүдделі министрліктер мен ведомстволарға тапсыра отырып, проблемаларды бірлесіп зерттеуді:

маркетингтік, лизингтік зерттеулер жүргізуді және көрмелер ұйымдастыруды, қызметтер көрсетуді;

олардың елдері арасында серіктестер іздестіруде, шарттарды (келісім-шарттарды) дайындауда, жасасуда және орындауда жәрдем көрсетуді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы ақпараттық коммуникацияларды дамытуды;

мамандар даярлау жөніндегі бірлескен іс-шараларды жүзеге асыруды ұйымдастырады.

14-бап

Осы Келісім осы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісім сияқты тәртіппен күшіне енетін, жеке хаттамалармен рәсімделетін Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

15-бап

Келісімге қатысу оған қол қойған мемлекеттердің өндірістік кооперация саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың кез келген басқа екіжақты және көпжақты нысандарына қатысу құқықтарын шектемейді.

16-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты келіспеушіліктер Тараптардың арасында консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

17-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптар өзге шешім қабылдамайтын болса, келесі бесжылдық кезеңдерге дағдылы түрде ұзартылатын болады.

Осы Келісім депозитарийдің Келісімге қатысушылардың барлығынан оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы хабарлама алған кезеңінен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы шығуынан кемінде алты ай бұрын депозитарийге бұл туралы хабарлай отырып, өзінің Келісімге қатысуын тоқтатуға құқылы.

18-бап

Келісімге қатысу оған қол қойған мемлекеттердің өндірістік кооперация саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың кез келген басқа екіжақты және көпжақты нысандарына қатысу құқықтарын шектемейді.

1997 жылғы 14 наурызда Бішкек қаласында орыс тілінде бір түпнұсқалық данада жасалды.

Түпнұсқалық дана әрбір қатысушы мемлекетке оның расталған көшірмесін жіберетін Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитетінде сақталады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасы
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасы
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК